

## Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 15 қараша N 1287. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996.07.29. N 942 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанынан Қорғаныс өнеркәсібі жөнінде комитет құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1994 жылғы 7 қазандағы N 1879 Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет /бұдан былай - Комитет/ атқарушы өкіметтің орталық органы болып табылады және қорғаныстық және қос қолданыстағы өнімдерді талдап жасау мен өндіру саласында мемлекеттік реттеу, өз қарауындағы мәселелер бойынша салааралық үйлестіруді жүзеге асырады деп белгіленсін. Комитеттің өз қызметі шегіндегі шешімдері республиканың мемлекеттік басқару органдары үшін міндетті.

2. Комитетке мынадай негізгі міндеттер жүктелсін:

қару жаракты және әскери техниканы, қос қолданыстағы өнімді талдап жасау және өндіру саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру;

қорғаныс кәсіпорындарын конверсиялау саласында мемлекет саясатын жасау;

мемлекет мұқтажы үшін қорғаныс кешені өнімдерін сатып алуға және беруге тапсырыс жасауға қатысу;

кез-келген меншік нысанындағы кәсіпорындардың қару-жарак, әскери техника мен оқ-дәрі, қос қолданыстағы өнімдерді талдап жасау және өндіру саласындағы қызметін лицензиялау;

жұмылдыру қуаттарын жасау, дамыту және сақтау жөніндегі жұмылдыру жоспарлары мен тапсырмаларының орындалуын ұйымдастыру;

шет ел ведомстволарымен, компаниялармен, кәсіпорындарымен, әскери-техникалық ынтымақтастық жөнінде ғылыми-техникалық, өндірістік, кооперациялық байланыстар орнату;

жаппай қырып-жоятын қаруды таратпау, сондай-ақ қару-жаракты шектеу, қысқарту және жою жөніндегі халықаралық шарттарды, келісімдер мен міндеттемелерді өз құзыры шегінде жүзеге асыру.

3. Комитет екі ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитет туралы ережені ұсынатын болсын.

4. Комитеттің орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Комитеттің орталық аппараты қызметкерлерінің саны 40 адам болып бекітілсін.

6. Комитетке төрағаның екі орынбасары, оның ішінде бір бірінші орынбасарын ұстауға рұқсат берілсін.

7. Комитеттің орталық аппаратының қызметкерлеріне Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің тиісті қаулысының 1-кестесіне сәйкес, Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары қызметкерлері үшін белгіленген еңбекақы төлеу шарттары қолданылсын.

8. Комитет төрағасына белгіленген құрылым, адам саны мен еңбекке ақы төлеу қоры шегінде кестесін бекіту құқы берілсін.

9. Комитет пен басқару аппараты басшыларының лауазымы медициналық, тұрмыстық қызметпен қамтамасыз ету және көлік қызметін көрсету жағынан Қазақстан Республикасы министрліктерінің тиісті лауазымдарына теңестірілсін.

10. Комитетке құрамында Комитет төрағасы /алқа төрағасы/, оның орынбасарлары, Комитеттің басшы қызметкерлері және қорғаныс кешені кәсіпорындарының басшылары бар алқа құруға рұқсат етілсін.

11. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Комитет аппаратын ұстауға қаражат көздейтін болсын.

12. Комитет аппаратына 3 қызметтік жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

13. Қазақстан Республикасының көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен Комитеттің өтінімі бойынша техникалық құралдар мен телефон арналарын бөліп, телекс және телеграф байланыстарымен қамтамасыз ету мәселелерін шешсін.

14. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Комитетті үкіметтік жоғары жиіліктегі және қорғау қойылған автоматтық байланыспен, шифрлау техникасымен қамтамасыз ету мәселелерін шешсін.

15. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен алматы қаласының әкімі Комитетке Ерекше конструкторлық бюросы бар эргономика ғылыми-зерттеу институты орналасқан /ЭрҒЗИ ЕКБ-мен / Пушкин көшесіндегі N 2 үйді берсін.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 15 қарашадағы  
N 1287 қаулысына  
қосымша

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті

жанындағы Қорғаныс өнеркәсібі жөніндегі комитеттің  
ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Іс Басқармасы
2. Қару-жарақ пен әскери техникаға және қос қолданыстағы өнімге тапсырыс жасау, оларды лицензиялау, экспорттау импорттау бөлімі
3. Экономикалық талдау, жұмылдыру қуаттары мен ресурстары бөлімі
4. Конверсиялық бағдарламалар және өндірісті дамыту бөлімі
5. Ғылыми-техникалық бағдарламалар, қару-жарақ пен әскери техниканы, жарылғыш заттарды әзірлеу бөлімі
6. Халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастық, қару-жарақ пен әскери техниканы қысқарту жөніндегі келісімдерді жүзеге асыру бөлімі

---

Комитет бойынша барлығы: 40 адам

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК